


БЕКІТЕМІН: 
Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: ересек

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.09 - 22.09.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен баласының ленсаулығы туралы жеке әңгімелесу (Мысалы, күзде ЖРВИ кезеңінде және ЖРВИ алдын алу шаралары немесе карантин тобында желшешек ауруы болса осы тақырып бойынша кеңес беруді немесе жеке кеңес беруді көрсету).				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау, оларды жуу, кептіру, сұрту және орнына жинау. Еңбекқорлықты,	"Оқу құралдары қойылатын шкафта тәртіпті сақтау". Мақсат-міндеттері. Балаларға өз беттерімен шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сұртуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңдерін түру, шүберекті сулау,	"Біз орындықтарды орнына қоямыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дербес әрекет)

	материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өзінің және басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)		құрғатып сығу, кірлеген шүберекті сумен шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)	
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) «Емхана» сюжетті-рөлдік ойын. Мақсат-міндеттері. Балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике рөлін ойнауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, қазақ тілі)	Құрылыс ойындары «Аспалы көпір». Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. (құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Зерттеу іс-әрекет: Тақырыбы: Судың қасиеттері Міндеттер: судың үш қасиетіне зерттеу жүргізеді. үш күйде кездеседі: қатты(қар,мұз), сұйық, газ түрінде – бу. (қоршаған ортамен	«Кім зейінді?» Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру. Көрнекілік: сіріңке қорабында геометриялық пішіндер. Барысы: тәрбиеші геометриялық пішіндерден әртүрлі бейнелерді құрайды. Жылдам құрастырған балаға мақтау айтылады. (құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)	Дидактикалық ойыны. «Төлдерін тап». Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. Алдарындағы суреттен үй жануарлары мен олардың төлдерін сызық арқылы қосу керектігін түсіндіреді. Қай малдың төлі қалай аталатынын айтқызады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Дидактикалық ойын. "Жамауын тап". Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады және сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суретте жоқ домалақтардың үстіне, сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Шығармашылық ойын:

	Шағын кітапхана: «Кітаптар әлемі» Міндеттер: Балалардың кітапқа деген қызығушылын арттыра отырып, ұқыпты ұстауға үйретеді. (көркем әдебиет)	таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Жасырынған аңдарды тап» Міндеті: Балалардың логикалық ойлау қабілеті дамиды. (Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	Тақпақ жаттау Н. Жанаев Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Менің қиялым» Міндеттер: балаларды елестету және заттарға қарап салу дағдыларын қалыптастырады. (Сурет салу)
Ертеңгілік жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "Мінеі" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында. 2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "Міне!" дейді. 3. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқ арасы алшақ, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 3.1. Жерге отырған қалыпта қол шапалақтау. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене тік, қол кеуде тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын кеуде тұсында ұстау, жұдырық түю. 4.2. Бастапқы қалып: алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сәлем, күнім! Сәлем, жер! Сәлем, досым! Сәлем, ел! "Сәлем" деймін эрқашан, Арайлы, балабақшам! Жанды және жансыз табиғатты пысықтау.	«Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы тандаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. Балалар шеңберге	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да, аңға да! Қайырлы таң, жайдары жанға да! Қайырлы таң, алға ассын! Кешке дейін жалғассын! (Жарты шеңбер	«Армысың шапағатты, Күн-Ана!» Армысың шапағатты, Күн-Ана! Армысың қайырымды, Аспан-Ана! Армысың мейірімді, Жер-Ана!	Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін. Шеңбер бойымен тұру, бір-біріне күлімдеп қарау.

	(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	құрып отыр. Бәрі бірге айтады.) ҚР Мемлекеттік Рәміздері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! "Қазақ тілін мақтан тұтамын" атты тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)	Тілдер мерекесі жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Шынықсаң - шымыр боласың". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрсауларды домалатуды үйрету.	Қазақ тілі "Уақыт. Тәулік бөліктері. Күн тәртібі." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы тәулік бөліктері туралы білімдерін, уақыт туралы түсініктерін қалыптастыру, күн тәртібін құру қағидасын түсіндіру; «ереже», «күн тәртібі» туралы түсініктерін дамытуға ықпал ету. Музыка "Жау, жау, жаңбыр" Мақсат-міндеттер.	Дене шынықтыру "Біз алғырмыз". Мақсат-міндеттер. Балаларға аяқтың ұшымен жүгіруді; гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.	Музыка "Жаңбыр" Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдап отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Бөренемен төрттағандап жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі қатармен жүруді жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдауды үйрету.

		Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту.			
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауып арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Ағаштарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Көркем сөз.	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Шөптің солуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) Жұмбақ.	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Шыбын- шіркейлердің жойылуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Саңырауқұлақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) Жұмбақ.	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Жапырақтардың түсуін бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) Жұмбақ. Ағайынды бәрі, Шықса жасыл,

Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі, Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Бақылау: ағаштардың 2-3 түрін сыртқы белгілерінен (шырша, қайың, терек) тану және ажырату. Маусымдық өзгерістер кезінде ағаштарды бақылау, жапырақтарының азаюына назар аудару. Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау. Қимылды ойын. «Аталған ағашқа жүгіріп бар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ағаштың атауын сын-сипатынан білу. Белгі бойынша жұмыс істеу, алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыруды үйрету.	Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер.) Бақылау: балалардың ұғымындағы шөптің түрінің өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге қызығушылықтарын дамыту. Қимылды ойын. «Көгершін» ойыны. (дене шынықтыру) (Шешен-ингуш халықтарының ұлттық ойыны) Мақсат-міндеттері. Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтау, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау. Еңбек: курап қалған шөпті тырнауышпен жинау. Тырнауыштармен	әдебиет) Жұмбақ. Шидім, шидім, шидім құс, Ши басына қонған құс. Қарқаралы қара құс, Хан басына қонған құс. (Шыбын.) Бақылау: күз мезгілінде шыбын-шіркейлердің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Ауа райының салқындауына байланысты жәндіктердің жоғалуы. Қимылды ойын. «Көбелекті ұстап алу». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруді үйрену. Достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға	Сырты бүтін, Іші түтін. (Саңырауқұлақ.) Жеуге жарамды – ақ түсті, майлы. Улы – шыбынжұт (мухомор), бозарыңқы арамқұлақ. Бақылау: саңырауқұлақтарды ажырата білу, олардың сырт бейнесіне қарап тану (түсі, пішіні). Бөліктерін атап беру: аяғы, қалпағы. Күз айының кереметін ұғыну, мейірімділікке тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Аюдың апанында» (орыс халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру) Балаларға сөздерін анық айтқызу, ойын ережесін сақтауға үйрету. «Аюды» санамақ арқылы таңдауды үйрету. Еңбек: тотықұсқа	Түссе сары. (Жапырақ.) Бақылау: өсімдіктер дүниесінің маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін толықтыруды жалғастыру; жалаңаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты тануды және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Соқыр теке» ойыны (орыс халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау. Еңбек: ауладағы жұмыс. Жапырақтарды тырнауышпен жинау. Өз бетімен ойналатын ойындар: түскен жапырақтардан оюлар, заттар құрастыру, шығармашылық қиялдарын дамыту. (сөйлеуді дамыту,
---	--	--	--	--

	Еңбек: ағаштардың арасындағы қурап жатқан бұтақтарды жинау. Ұжымдық тапсырмаларды орындау, бірлескен тапсырманы дер кезінде аяқтауды үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: әткеншек тебу. Ойын барысында достық қарым-қатынастарын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)	жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу. Өз бетімен ойналатын ойындар. «Ертегідегі үйшік» ойыны. Балалардың қалауы бойынша (2-3 адам) үйшік ойнауларын қадағалау. Байсалды, қуанышты жағдай жасауына мүмкіндік туғызу.	тәрбиелеу. Еңбек: гүлзарды қурап қалған гүлдерден тазалау, өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу, өсімдіктерге қызығушылықтарын дамыту. Өз бетімен ойналатын ойындар: сүйікті ойыншықтармен ойнау, ойынды достарымен бірігіп ойнауды үйрету.	көрек беру. Мақсат-міндеттері. Өз еңбегінің маңыздылығын түсіндіру. Өз бетімен ойналатын ойындар. «Балық аулау» және тағы басқа ойындар. Ептілікті талап ететін дербес ойындарды ойнау, қимыл жылдамдығын дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)	қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу Тақырыбы: "Туыстар. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Астанаға саяхат". Мақсат-міндеттері. Балаларды Астана	Жансырудан ойын-жаттығу. "Көк тудың желбірегені". Мақсат-міндеттері. Балаларды көк түсті	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Менің көшемде не бар?" Мақсат-міндеттері.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Ормандағы оқиға". Мақсат-міндеттері. Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен

басқалар)	[ы], [і] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға туыс адамның отбасындағы орны туралы түсіндіру; [Ы], [І] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу мысалдарын көрсету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Үстел-үсті ойындары. "Пазылдар". Мақсат-міндеттері. Зейін, ойлау және визуалды есте сақтау қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)	қаласының әсем ғимараттарымен таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруді үйрету. Қимылды ойындар «Ұшты-ұшты». Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей, тындап отырулары керек. Ұшатын құс немесе зат туралы айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты сұңқар ұшты!	қағаз бетіне қыран және күннің қимаулігілерін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруды; күн мен күн шуақтарының үстіне тарыны, қыранның үстіне қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыруды үйрету. Дидактикалық ойын. «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды бір-бірлеп атап бер». Мақсат-міндеттері. Үй жануарларын бір-бірінен және төлдерін ажырата білуді, оларға күтім және қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: ойыншық үй жануарлары үстелдің үстінде тұру керек. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады.	Балалардың екі және үш сандары жөніндегі ұғымдарының негіздерін қалыптастыру, "оң қол", "сол қол" ұғымдарын тиянақтау. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)	таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) Дидактикалық ойын. «Киім дүкені» Мақсат-міндеттері. Ойын барысында рөлдерді ойнауды үйрету. Сатушы әртүрлі киім түрлері туралы әңгімелейді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
------------------	--	---	---	--	---

		(қол көтереді) Ұшты-ұшты қарға ұшты! (қол көтереді) (қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет, дене шынықтыру)	Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші үй жануарларының бір төлін тығып тастайды. Тәрбиеші балалардан ненің телі жоқтығын сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет ойналады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)		
Балалармен жеке жұмыс	«Сықырлы қапшық» Максат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды үйрету. Ойынның құрал- жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны. Балалар «Сықырлы қапшықтың» ішіндегі	Дидактикалық ойын. «Не артық?» Максат-міндеттері. Жемістер мен көгеністерді бір- бірінен ажыратуды үйрету. Әр баланың алдына жемістер мен көгеністер араласқан суреттер беріледі. Артығын тауып атауды ұсынады. Жемістер мен көгеністерді ажыратады. Мысалы:	Артикуляциялық жаттығу Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр-ыр-ыр- ырылдайды қасқыр, Ра-ра-ра- бал	«Дәл осындай пішінді тап». Максат-міндеттері. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауды, ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру. Ойынның құрал- жабдықтары: бала санына қарай бірнеше құлыптың суреттері, геометриялық	«Кел, жазайық.» Максат-міндеттері. Тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. (сөйлеуді дамыту) Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.

	затты ұстап көріп, оның пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)	алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда орамжапырақ артық, өйткені ол көгөніске жатады, қалғаны жемістер. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)	жинайды ара, Мір-мір-мір- қап-қара көмір. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)	пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алады, құлыпты ашады. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	Балалардың тәртібі жайлы әңгімелесу.	«Бала неге тіл алмайды?» тақырыбында әңгімелесу.	«Отбасында отансүйгіштікке тәрбиелеу» туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналар жиналысы: «Отбасы — тәрбие бастауы».